



Абай облысы Білім басқармасының
«IT және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК



БЕКІТЕМІН

«IT және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» КМҚК директоры

Ш.К.Кумашева

«___» _____ 2025 ж.

Педагогикалық кеңес туралы ереже

Семей, 2025



1. Жалпы ережелер

Бұл ережелер Абай облысы білім басқармасының «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды (әрі қарай — Ережелер). Бұл Ережелер меншік формасына немесе ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасы Білім туралы заңы, 2015 жылғы 12 қарашадағы Министрдің қолданыстағы нормалары мен стандарттарына сәйкес қолданылады.

2. Педагогикалық кеңестің міндеттері

Педагогикалық кеңестің міндеттеріне мыналар жатады:

- колледждегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, оқытушылардың кәсіби даярлығын, студенттердің білім деңгейін, тәрбиелігін және дамуын диагностикалау;
- колледжді дамытуға, әрбір оқытушы мен өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын дамытуға бағытталған кешенді мақсаттық бағдарламалар әзірлеу;
- колледж ұжымы болып оқу-тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз етуге бірігу;
- еңбек нарығының қажеттілігіне, республика экономикасының даму перспективаларына сай кадрларды даярлау сапасын үздіксіз жетілдіруге жағдай жасау;
- студенттердің тұлғалық-бағдарланған білім мен тәрбие алуын қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда компетенттік тәсілді қалыптастыру;
- оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингтеу формаларын әрі әдістерін жетілдіру;
- колледждегі оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуында шығармашылық тәсілді қамтамасыз ету.

1. Педагогикалық кеңестің құрамы

Педагогикалық кеңес құрамына колледждің басқару құрамасы, барлық оқытушылар мен оқу және қосалқы персонал, базалық кәсіпорындар мен мекемелердің өкілдері, студенттер мен ата-аналар қоғамдастығының өкілдері кіреді. Келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілі де кеңес құрамына енгізілуі мүмкін.

Педагогикалық ұжымнан өкілдер кандидатуралары оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ұсынған кандидаттарға ашық дауыс беру арқылы таңдалады.

Ата-аналар өкілдері ата-аналар комитетімен ұсынылады.

Базалық кәсіпорындар мен мекемелерден өкілдер практиканы ұйымдастыратын мекемелер басшылары ұсынған үздік жетекшілер ішінен таңдалады.

Педагогикалық кеңес құрамы оқу жылына директор бұйрығымен бекітіледі.

Педагогикалық кеңестің төрағасы — колледж басшысы. Төраға кеңес жұмысына жалпы жетекшілік етеді, отырыстарды басқарады, қабылданған шешімдерді бекітеді. Кеңес мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы кеңес хатшысы сайланады.

4. Педагогикалық кеңестің құқықтары

Педагогикалық кеңес келесіні қарастырады:

1. кадрларды техникалық және кәсіптік, колледжден кейінгі білім беру саласында даярлау туралы нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету шараларын;



2. оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстардың жағдайы, оқу әдістерін жетілдіру мәселелері, жаңа оқу технологияларын (информациялық, модульдік, тұлғалық бағдарланған және т.б.) енгізуді;
3. бөлімшелер мен оқу бөлімдерінің жұмысын;
4. колледждің оқу-материалдық базасын дамыту жоспарын;
5. оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысты жоспарлау мәселелерін;
6. басшыларды, оқытушыларды, өндірістік оқыту шеберлерін, оқу және қосалқы персоналды біліктілігін арттыру, жаңа формаларын қолдануды;
7. жаңа мамандықтар мен пәндерге оқытушылар мен шеберлер даярлау, жас мамандарды тарту мәселелерін;
8. аттестация жүйесін жетілдіру және жетекші мен педагогикалық кадрларды аттестацияға дайындауды;
9. студенттерді қабылдау, аяқтау және түлектерді жұмыспен қамту мәселелерін;
10. студенттердің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғауды ұйымдастыруын;
11. өндірістік практиканы ұйымдастыруды және өткізілуін;
12. студенттердің тәртібі, нашар оқитындар мен ережені бұзған студенттерді оқудан шығарудың мәселелерін, сондай-ақ кей жағдайда білім алушыны оқу орнына қайта қабылдау мәселелерін;
13. оқу-тәрбие үдерісін компьютерлендірудің жай-күйін;
14. студенттердің контингентін сақтау мәселелерін;
15. студенттердің тұлғалық-бағдарланған тәрбие және білім беру мәселелерін;
16. экономика мен еңбек нарығына сәйкес кадр даярлау мәселелерін.

Педагогикалық кеңеске қажет болған жағдайда белгілі бір қызметкерлердің квалификациясының колледжде атқаратын қызметіне сай екендігін бағалауға байланысты мәселелер де қаралады.

Келесі тұлғалардың педагогикалық кеңес отырысына қатысу құқығы бар: талқыланатын мәселелерге қатысу бар қызметкерлер. Кеңес отырысының күнін кеңес мүшелеріне кемінде жеті күн бұрын хабарлау қажет.

5. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі

- Педагогикалық кеңес жұмысы оқу жылының жоспарына сәйкес жүргізіледі, ол кеңес отырысында қаралып, колледж басшысы бекітеді.
- Педагогикалық кеңес директор белгілеген мерзімдерде, бірақ екі айдан кем емес аралықпен шақырылады.
- Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар анықталады.
- Кеңес шешімдері қарапайым дауыс беру арқылы қабылданады және оқу орны басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.
- Төраға қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеріп, тексерістің нәтижелерін педагогикалық кеңеске ұсынады.
- Кеңес мүшесі барлық отырыстарға қатысуға, белсенді түрде қатысуға, берілген тапсырмаларды уақытында және дәл орындауға міндетті.
- Педагогикалық кеңестің отырыстары хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға төраға мен хатшы қол қояды.



- Әр хаттамада оның нөмірі, отырыстың күні, қатысқандар саны, күн тәртібі көрсетіледі. Тығыз әрі толық түрде сөз сөйлеушілердің баяндамалары мен қаралған мәселелер бойынша қабылданған шешімдер жазылады.
- Педагогикалық кеңестің хаттамалары колледждің іс-жинағында тұрақты сақтау үшін номенклатураға сай сақталады және құжаттарды беру-қабылдау кезінде акт бойынша тапсырылып, қабылданады.